

*Академияның Ғылыми
кеңесінің 2022 жылғы
25 ақпандағы шешімімен
бекітілді, № 12 хаттама*

**«7M04105 – Мемлекеттік саясат»
магистратура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M04105 – Мемлекеттік саясат» магистратура білім беру бағдарламасы (дайындау бағыты «7M041 – Бизнес және басқару»)

2. Оқу мерзімі: 2 жыл

3. Кредиттер саны (ECTS): 122

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Үздік халықаралық тәжірибелерді ескере отырып әзірленген және мемлекеттік саясатты қалыптастыру, іске асыру, талдау және бағалау құзыреттерін меңгерген, қазыналық басқару және бюджеттендіру, стратегиялық менеджмент және көшбасшылық, әлеуметтік саясат әдіснамасын, мемлекеттің ашықтығын, есептілігін және тиімділігін қамтамасыз ету бойынша коммуникация дағдыларын, құқық қолдану практикасы мен әкімшілік рәсімдер тетіктерін, мемлекеттік сектордағы адами ресурстарды және өзгерістерді басқару құралдарын меңгерген мемлекеттік қызметшілерді даярлауға бағытталған.

Магистр дәрежесін алу үшін 122 кредитті меңгеру және магистрлік жобаны қорғау талап етіледі. Теориялық блоктың 82 кредитінен магистрантқа жеке оқу траекториясын құру үшін элективті пәндер каталогынан 16 кредит таңдау мүмкіндігі беріледі.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Заманға сай ойлайтын, мемлекеттік саясатты қалыптастыру, іске асыру, талдау және бағалау әдістерін, мемлекеттік саясаттың әртүрлі салаларында сапалы басқару шешімдерін қабылдау құралдары мен әдіснамасын меңгерген мемлекеттік қызметшілерді даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыру бойынша негізгі процестерді талдау, бағалау және модельдеу мен сапалы басқару шешімдерін қабылдау құзыреттерін дамыту;
- мемлекеттік саясатты іске асыру саласында жоспарлау және болжау бойынша басқару құзыреттерін жетілдіру, стратегиялық жоспарлауды жүзеге асыру және шешім қабылдау барысында артықшылықтар мен кемшіліктер арасындағы балансты табу (policy trade-offs);
- мемлекеттік саясат мәселелерінің себеп-салдарын анықтау, талдау жүргізу үшін ақпаратты жинау мен өңдеу құзыреттерін қалыптастыру;
- мемлекеттік аппаратқа қойылатын талаптарға сәйкес келетін құзыреттер мен мемлекеттік қызметшілердің тұлғалық қасиеттерін дамыту.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- интерактивті оқыту әдістерін пайдалана отырып, нақты жағдайларды шешу жолымен оқытудың тәжірибеге- және нәтижеге бағдарланғандығы, оқытудағы құзыреттілік тәсіл;
- аралас салаларда білім мен дағдыларды алу мүмкіндігін беретін пәнаралық тәсіл;
- Қазақстанның мемлекеттік органдарында және шетелде практика мен тағылымдамадан өту мүмкіндігі;
- қос дипломды білім алу мүмкіндігі;
- мемлекеттік саясатты дамытудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған магистрлік жобаны орындау;

- үштілдік оқыту: қазақ, орыс, ағылшын. Сыни ойлау мен коммуникациялық дағдыларды дамытуға бағытталған ағылшын және мемлекеттік тілдерді тереңінен оқу;
- «Жобаларды басқару» курсын сәтті меңгерген жағдайда «Жобаларды басқару жөніндегі нұсқаулық» ҚР СТ ISO 21500-2014 ұлттық стандарты бойынша сертификаттаудан өту мүмкіндігі;
- Ассесмент-орталық арқылы құзыреттерді бағалау нәтижелері негізінде жеке оқу траекториясы;
- жетекші практик дәріскерлерді, «Visiting Professors» және жоғары деңгейдегі сарапшыларды тарту;
- кәсіби және сарапшылық нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардан келген мемлекеттік қызметшілермен өзара байланыс орнату, өзара оқу (peer learning).

7. Оқудан күтілетін нәтижелер:

– Күйзеліске төзімділік: сынға сабырлық танытып, кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылдайды. Сын сағаттарда қажет емес ақпаратты алып тастап, жұмыс жағдайын сақтай алады.

– Бастамашылдық: мемлекеттік саясаттың қызмет ету тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша талдау негізінде ұсыныстар енгізеді.

– Жауапкершілік: құқықтық нормаларды сақтау, құқықтық актілерге сәйкес шешімдер қабылдау, мемлекеттік қызметшілердің өз міндеттерін орындауға деген жеке жауапкершілігіне үздіксіз бағдарлану.

– Парасаттылық: этикалық нормалар мен стандарттардың сақталуын бақылайды, ұжымда сенім мен құрмет таныту ахуалын қалыптастырады, өздерінің және қарамағындағы қызметкерлердің әрекеттерінде ашықтық пен әділдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

– Ынтымақтастық және өзара іс-қимыл: стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін әріптестерімен, басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасай білу. Басқару және саяси шешімдерді қалыптастыру мен іске асыру әдістерін меңгеру. Әлеуметтік және саяси салаларда жұмыс істеу үшін қажетті коммуникативтік процестерді зерделеу. Деңгейлес коммуникацияларды құру. Даулы жағдайларды шеше білу.

– Қызметті тұтынушыға және оны ақпараттандыруға бағдарлану: көрсетілетін қызмет сапасына қанағаттануға үнемі мониторинг жүргізу, заңнамамен белгіленген шараларды қабылдай отырып, туындаған мәселелерді жылдам шешу. Қызмет алушыға ақпаратты түсінікті етіп жеткізу.

– Қызметті басқару: саяси стратегияның ықтимал нәтижелерін болжау, тәуекелдерді, тиімділік пен өтімділік көрсеткіштерін анықтау.

– Шешім қабылдау: процестерді және ресурстарды (материалдық, қаржы, адами және т.б.) тиімді басқару, сонымен қатар мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарына аз шығын шығара отырып және қысқа уақытта қол жеткізуге ықпал ететін шешімдер қабылдау.

– Көшбасшылық: қызметкерлер мен құрылымдық бөлімшелерге әсер ете алады, ынтымақтастық пен қарым-қатынасты қолдайды. Шабыттана алады және басқа адамдарға шабыт бере алады.

– Стратегиялық ойлау: Қолда бар ресурстар мен ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, жалпы көріністі көруге, мемлекеттік органның дамуын жоспарлауға және болжауға қабілетті. Еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ұзақ мерзімді шешімдер қабылдауға қабілетті. Сандық, статистикалық, вербалды және басқа да ақпаратты талдайды. Шешім процеске қалай әсер ететінін ескереді. Жеке тапсырманы немесе мәселені жалпы процестің бөлігі ретінде қарастырады.

– Жылдамдық: мемлекеттік саясат саласында болып жатқан өзгерістер мен үрдістерге талдау жүргізеді және оларды жақсарту бойынша уақтылы шешім қабылдайды. Жаңа идеялар, баламалы шешімдерді ұсынады, өзіндік шешімдерді табады, өзгерістерге жылдам ден қояды.

8. Бағдарламаның құрылымы мен академиялық контент:

Семестр	Пәннің атауы	ECTS
1	Мемлекеттік басқару	4
	Ағылшын тілінде кәсіби коммуникация стратегиялары	3
	Ұйымдастырушылық мінез-құлық және этика	3
	Жобаларды басқару	3
	Мемлекеттік саясаттағы статистикалық талдау	4
	Қолданбалы экономика	3
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i>	10
1 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
2	Ашық үкімет: ашықтық пен есеп берушілік	4
	Мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру	4
	Мемлекеттік тілде кәсіби коммуникация стратегиялары	3
	Құқық қолдану практикасы және әкімшілік рәсімдер	4
	Элективті пәндер каталогынан таңдау компоненті	8
	Өндірістік практика	4
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i>	5
2 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		32
3	Мемлекеттік саясатты талдау және бағалау	4
	Фискалдық басқару және бюджеттеу	4
	Стратегиялық менеджмент және көшбасшылық	4
	Әлеуметтік саясат және жобалар	4
	Элективті пәндер каталогынан таңдау компоненті	8
	Тағылымдама	2
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i>	4
3 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
4	Мемлекеттік сектордағы адами ресурстарды басқару	4
	Мемлекеттік сектордағы өзгерістерді басқару	4
	Реттеушілік әсерді талдау	3
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)</i>	7
	<i>Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)</i>	12
4 СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		30
Теориялық білім+практика бойынша барлығы		82
Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)		12
Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)+тағылымдама		28
МІНДЕТТІ ТҮРДЕ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН КРЕДИТТЕРДІҢ САНЫ		122